

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ



**9-11-СЫНЫПТАРДА «ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІН
ОҚЫТУ МЕН ОҚУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2025 жылғы 26 желтоқсандағы №6 хаттама).

9-11-сыныптарда «Құқық негіздері» пәнін оқуда және оқытуда жасанды интеллектті қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025. –16 б.

Әдістемелік ұсынымдар 9-11-сыныптарда «Құқық негіздері» пәнін оқыту мен оқу процесінде жасанды интеллект технологияларын тиімді қолдануға арналған. Ұсынымдарда білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық жағдаяттарды талдау дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған жасанды интеллект құралдарын оқу процесіне кіріктірудің әдістемелік тәсілдері мен практикалық үлгілері ұсынылады. Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

© Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025
© НАО им. Ы. Алтынсарина, 2025

КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде цифрлық трансформация процесі белсенді жүзеге асырылуда. Бұл «Жасанды интеллектті дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» сияқты стратегиялық құжаттарда айқын көрініс тапқан[1]. Ақпарат көлемінің артуы, цифрлық контенттің алуан түрлілігі және білім алушылардың танымдық ерекшеліктерінің өзгеруі оқу процесін ұйымдастырудың дәстүрлі тәсілдерін жетілдіруді талап етеді. Осыған байланысты жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын оқу процесіне енгізу заманауи білім берудің маңызды бағыттарының бірі ретінде айқындалады.

9-11-сыныптарда оқытылатын «Құқық негіздері» пәні практикалық-бағдарлы сипатына байланысты білім алушылардың құқықтық сауаттылығын қалыптастырумен қатар, құқықтық жағдаяттарды талдау, нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеу, сыни ойлау және талдамалық дағдыларды дамытуға бағытталады. Аталған міндеттерді тиімді жүзеге асыру оқу материалын іріктеу мен құрылымдаудың, оны білім алушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеудің заманауи тәсілдерін қолдануды қажет етеді.

Сондықтан жасанды интеллект технологиялары оқу тапсырмаларын саралау, құқықтық кейстерді модельдеу және оқу жетістіктерін талдау барысында мұғалімге әдістемелік қолдау көрсететін тиімді көмекші құрал ретінде қарастырылады. Ұсынылып отырған әдістемелік ұсынымдар 9-11-сыныптарда «Құқық негіздері» пәнін оқытуда ЖИ технологияларын педагогикалық тұрғыдан негізделген, қауіпсіз және этикалық талаптарға сай енгізудің жолдарын айқындауға бағытталған.

Қазақстан Республикасында жасанды интеллектіні қолданудың құқықтық негіздері 2025 жылғы 17 қарашадағы «Жасанды интеллект туралы» Заңмен айқындалған[2]. Аталған заң жасанды интеллектті адамның қызметін толық алмастыратын құрал ретінде емес, оның кәсіби қызметін қолдауға арналған технологиялық құрал ретінде қарастырады және қолдану барысында қауіпсіздік пен жауапкершілік қағидаттарын сақтау міндетін бекітеді. Сонымен қатар, ЖИ білім беру жүйесіне енгізу дербес деректерді қорғау, ақпараттық қауіпсіздік және академиялық адалдық қағидаттары сияқты басқа да нормативтік-құқықтық және стратегиялық құжаттармен реттеледі. Бұл талаптар педагогтің кәсіби шешім қабылдау еркіндігін сақтай отырып, жасанды интеллектті қолданудың құқықтық және этикалық шекарасын белгілейді.

Осы әдістемелік ұсынымдар 9-11-сыныптарда «Құқық негіздері» пәнін оқыту мен оқуда жасанды интеллект технологияларын қолдануды педагогикалық, әдістемелік тұрғыдан ұйымдастыруға негізделген. Жасанды интеллект құралдары оқу процесін жоспарлауда, материалдарды іріктеу мен құрылымдауда, сондай-ақ білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне бейімдеуде мұғалімге нақты әдістемелік бағыт береді.

1 «ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ОҚУ ПӘНІН ОҚУДА ЖӘНЕ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінде құқықтық білім беру білім алушылардан нормативтік құқықтық актілерді талдау, құқықтық нормаларды нақты өмірлік жағдайларда қолдану, заң шығару процестерінің мәнін түсіну және құқықтық ақпараттың ауқымды көлемін іріктей алу, жүйелеу және талдай білу қабілеттерін қалыптастыруға негізделген. Қазіргі уақытта жасанды интеллект білім алушыларға құқықтық дереккөздерге қолжетімділікті кеңейтуге, оқу әдістерін әртараптандыруға, жеке және бейімделген оқу процесін ұйымдастыруға, цифрлық және құқықтық сауаттылықты қатар дамытуға, сондай-ақ сыни ойлау мен ақпаратты тексеру дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беретін тиімді құралға айналуға.

Жасанды интеллект технологияларын оқу процесінде жүйелі қолдану, сабақтардың әдістемелік және талдамалық құрамдас бөліктерін күшейтетін көмекші ресурс ретінде қарастырылады. Бұл оқу материалдарын іріктеу, тапсырмаларды білім алушылардың жас ерекшеліктері мен танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдеуде әдістемелік қолдау көрсетеді.

«Құқық негіздері» пәнін оқытуда сыныптардың ерекшелігін ескеру маңызды. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі 9-сыныпқа арналған «Құқық негіздері» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес оқу материалы шиыршық принципіне сәйкес оқытуға негізделген. Осыған байланысты білім алушылардың құқықтық талдау дағдылары спираль тәрізді дамиды: алдымен негізгі ұғымдар мен қарапайым құқықтық жағдайларды шешу қабілеті, содан кейін оларды түсіндіру және қарапайым шешімдер ұсыну, ал кейінірек заң үстемдігіне сүйене отырып талдау жасап, дәлелді қорытындылар беру. 10-11-сыныптарда 9-сыныпта алынған негізгі құқықтық білім одан әрі тереңдетіледі. Сондықтан 9-сыныпта құқықтық ұғымдарды зерделеу мен қарапайым өмірлік жағдайларды шешу негізінде құқықтық жүйенің бастапқы түсінігі қалыптасатынын ескеру қажет. 10-11-сыныптарда білім алушылар құқықтық жүйені тереңірек түсініп, құқықтық нормаларды нақты өмірлік жағдайларда талдап, қолдану дағдыларын дамытады.

Сонымен, құқықтық білім берудің басты басымдығы – зерттеу, талдау және пайымдау сияқты негізгі дағдыларды қалыптастыру. Осы тұрғыда білім беру жүйесінің негізгі міндеті – білім алушылардың сыни ойлауын және алған білімін өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдану қабілетін дамыту. Сондықтан жасанды интеллект технологияларын оқу процесіне енгізу сабақтастық қағидатына негізделуі тиіс.

9-11-сыныптарда ЖИ туралы базалық түсінік қалыптастырылып, білім алушылар оның мүмкіндіктері мен шектеулерін (мысалы, құқықтық тұжырым жасаудағы ықтимал қателіктер) ерте кезеңде түсініп, алынған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау және этикалық тұрғыдан қолдану дағдыларын меңгеруі қажет.

«Құқық негіздері» пәнін оқыту мен оқуда жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде ғылыми дәлдікті, құқықтық тұрғыдан дұрыстығын, цифрлық қауіпсіздікті, этикалық нормаларды және педагогикалық тиімділікті қамтамасыз ететін бірқатар принциптердің сақталуын талап етеді. Бұл құқықтық білім беру процесінде ақпараттың сенімділігін, ғылыми негізділігін қамтамасыз етуге және білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға әсер етеді.

Осыған байланысты оқу процесін ұйымдастыруда мұғалімдер үшін басшылыққа алынатын негізгі қағидаттар ұсынылады.

1. Ғылыми негізділік пен құқықтық нормаларға сәйкестік қағидаты:

«Құқық негіздері» оқу пәнін оқытуда жасанды интеллектті қолдану ғылыми негізділік пен құқықтық талаптарға сәйкестік қағидатына сүйенуі тиіс. Жасанды интеллект нормативтік құқықтың қайнар көзі болып табылмайды, сондықтан педагог барлық деректерді (анықтамаларды, мысалдарды, схемаларды, кейстерді) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және ресми құқықтық ресурстарға сәйкестігін тексеруі тиіс. Жалған, толық емес немесе ескірген мәліметтердің, сондай-ақ өзара қайшы құқықтық түсіндірулердің қолданылуына жол берілмейді. Жасанды интеллект негізінде әзірленетін тапсырмалардың мазмұны отандық құқықтық жүйеге сәйкес болуы тиіс, ал шетелдік заңнамаға сілтемелер тек салыстырмалы-құқықтық талдау мақсатында ғана пайдаланылуы қажет. Мұндай жағдайларда мұғалім қателерді түзетіп, оларды білім алушылардың сыни ойлауын дамыту құралы ретінде қолдануы тиіс.

2. Қолданыстағы заңнамаға сүйену принципі. Жасанды интеллектті қолданудың мақсаты оқулықты немесе нормативтік актілерді алмастыру емес, олармен жұмыс істеуді жеңілдету. Заң құқықтық білімнің негізгі көзі: жасанды интеллекттің кез-келген жауаптарын білім алушылар болжам ретінде қабылдайды және нормативтік актілер бойынша тексеруі қажет.

ЖИ материалды құрылымдау үшін пайдаланылуы мүмкін: схемаларды дайындау, негізгі ережелерді бөліп көрсету, нормаларды салыстырмалы талдау, бірақ нормативтік ақпараттың жалғыз көзі болмауы керек. Педагог білім алушыларда негізгі дерек көздерімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады, кодекстер мен заңдардың баптарын өз бетінше іздеуге, сондай-ақ ЖИ ұсынған ақпараттың дұрыстығын бағалауға үйретеді.

3. ЖИ-ді саналы түрде қолдану мен ашықтық принципі. Мұғалім білім алушыларға жасанды интеллект қалай жұмыс істейтінін түсіндіруі керек; оқу процесіндегі ЖИ рөлі; ЖИ қолданылғанын ашық көрсету. Білім алушылар ЖИ көмекші функцияны орындайтынын: ақпаратты талдауға, материалды құрылымдауға және мысалдар жасауға көмектесетінін, бірақ өз ойлауын алмастырмайтынын түсінуі керек. Қажет болған жағдайда мұғалім қандай материалдар жасанды интеллект көмегімен, ал қайсысы өз бетінше дайындалғанын, білім алушылардың технологияларды адал және сыни тұрғыдан саналы пайдалану мәдениетін қалыптастыратынын ашық көрсетеді.

4. Сын тұрғысынан ойлау принципі. Негізгі әдіснамалық бағыт – білім алушыларды жай ғана пайдаланумен шектелмей, ақпаратты тексеруге, талдауға

және сұрақ қоюға үйрету. Ақпаратты міндетті түрде тексеру: әрбір ЖИ қолдану жағдайы міндетті тапсырмалармен сүйемелденеді, мысалы: «ЖИ берген жауаптың заң нормаларына сәйкестігін тексеріңіз», «Жауапты растайтын немесе теріске шығаратын заң мақаласын табыңыз», «Қандай қателіктер жіберілді?»; ЖИ логикасын талдау: білім алушылардың жасырын болжамдарды анықтау, логикалық қарама-қайшылықтарды табу, ЖИ қате қорытындыға қалай келгенін түсіндіру дағдысын қалыптастыру қажет; құқықтық талдау жасау, нақты нормалармен салыстыру және дәлелдеу дағдыларын дамыту үшін ЖИ қателіктерімен жұмыс істеуді оқыту әдісі ретінде пайдалану.

5. *Жеке деректердің қауіпсіздігі мен қорғалуы принципі.* Білім беру процесінде жасанды интеллектті қолдану оқыту қауіпсіздігін және жеке деректерді қорғауды қамтамасыз етуі тиіс. Мұғалім білім алушылардың жеке ақпаратты енгізбеуін қадағалап, нақты тұлғалардың мәліметтерін олардың келісімінсіз пайдалануға жол бермейді. Оқу кейстері ойдан шығарылған кейіпкерлер арқылы құрастырылып, идентификациялаушы деректерсіз берілуі қажет. ЖИ қолдану этикалық нормаларға сәйкес жүргізіліп, дискриминациялық немесе зиянды мазмұн жасауға бағытталмауы тиіс.

6. *Педагогикалық мақсатқа сай болу принципі.* Жасанды интеллект «Құқық негіздері» пәнін оқытуда тек оқыту процесін күшейтетін және оқу мақсаттарына жетуге нақты ықпал ететін жағдайларда ғана қолданылады. Мұғалім оның қолданылуын негіздеп шешеді, себебі кейбір тапсырмаларды ЖИ қолданбай да тиімді орындауға болады.

ЖИ қолдану білім алушылардың аналитикалық дағдыларын дамытуға, күрделі құқықтық процестерді визуалдауға, әртүрлі тапсырмалар жасауға және оқу процесін саралауға қызмет етеді. Осылайша мұғалім сабақтың негізгі мәні мен құрылымын сақтай отырып, оқу процесінің ұйымдастырушысы ретінде жетекші рөлін сақтайды: сабақтың мақсаттары мен оқыту стратегиялары педагог тарапынан анықталады. ЖИ қолдану дәстүрлі және цифрлық әдістермен біріктіріліп жүзеге асырылады және оқулықпен, нормативтік құқықтық актілермен жұмыс, құжаттарды талдау, рөлдік ойындар және құқықтық жағдайларды модельдеу сияқты оқу әдістерін толықтырады.

7. *Цифрлық және құқықтық сауаттылықты дамыту принципі.* Оқытуда жасанды интеллектті қолдану білім алушылардың құқықтық және цифрлық сауаттылығын бір уақытта дамытуды қамтамасыз етеді. ЖИ-пен жұмыс білім алушыларға заң нормаларын іздеу және пайдалану, өз пікірін нақты заң талаптарына сүйене отырып дәлелдеу, сондай-ақ цифрлық ортада туындайтын құқықтық тәуекелдерді түсіну арқылы құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар білім алушыларда сұрақтарды дұрыс құрастыру, ЖИ алгоритмдерінің жұмыс принциптері мен шектеулерін түсіну, цифрлық контентті талдау және алынған ақпараттың сенімділігін бағалауды қамтитын цифрлық сауаттылық да дамиды. Маңызды аспектілердің бірі – оқу процесінің пәндер арасындағы интеграциялық сипаты. Құқықтық білім цифрлық қауіпсіздік және жауапкершілік мәселелерімен үйлестіріледі, бұл кибербуллинг, цифрлық этика, жеке деректерді қорғау және цифрлық жауапкершілік сияқты

өзекті тақырыптарды нақты өмірлік жағдайлар контекстінде қарастыруға мүмкіндік береді.

8. *Индивидуализация және дифференциация принципі.* Жасанды интеллект әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды, бейімделген мәтіндерді және персонализацияланған құқықтық кейстерді құру арқылы білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. ЖИ күрделі ұғымдарды жеңілдетіп түсіндіру, қосымша мысалдар ұсыну және нормативтік құқықтық актілердің күрделі бөлімдерін түсінуге көмек көрсету арқылы қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, ЖИ қабілетті білім алушылар үшін күрделі және стандарттан тыс құқықтық жағдайлар мен талдамалық және дәлелдеу бойынша дағдыларды дамытуға бағытталған тапсырмаларды ұсына отырып, олардың білімін тереңдетуге жағдай жасайды.

9. *Этика мен адалдық принципі.* Жасанды интеллектті қолдану білім алушыларда академиялық адалдық және цифрлық технологияларды жауапкершілікпен қолдану туралы құндылықтық ұстанымдарды қалыптастырады. Мұғалім ЖИ-ді өз ойының орнына пайдалану адалдық принциптерін бұзу екенін түсіндіреді, ал ЖИ арқылы жасалған барлық материалдар – тезистер, мысалдар, схемалар – дереккөз көрсетілімімен ұсынылуы тиіс. Сонымен қатар, білім алушылар ЖИ-пен дұрыс өзара әрекеттесуді үйренеді: адамдардың қадір-қасиетін төмендететін, жынысы, діні, этникалық немесе басқа да сипаттары бойынша кемсітушілік мазмұндағы сұраулар немесе материалдар жасауға жол берілмейді. Бұл білім беру процесінде технологияларды этикалық және қауіпсіз қолдануды қалыптастырады.

«Құқық негіздері» пәнінің ерекшеліктері. Пән мазмұнын зерделеу нормативтілік пен дәлдікті: құқықтық нормалар дәл сілтеме жасауды және анық түсіндіруді талап етеді. Нормативтік актілерді жылдам іздеу және жүйелеу үшін жасанды интеллектті пайдалануға болады, бірақ берілген ақпараттың сенімділігін қамтамасыз ету үшін мұғалімнің қатаң бақылауы қажет. Мысалы: білім алушы ЖИ-дан «Қазақстан Республикасының «Баланың құқықтары туралы» Заңы бойынша кәмелетке толмағандардың негізгі құқықтарын тізіп бер» деп сұрайды. Мұғалім білім алушыға алынған тізімді ресми ақпараттық-құқықтық порталдағы заңның қазіргі мәтінімен тексеру қажет екенін түсіндіреді, себебі ЖИ соңғы өзгерістерді ескермеуі мүмкін.

Қолданбалы сипаты мен жағдаяттарды талдау: пән нақты өмірлік жағдайларды талдауға негізделген. Жасанды интеллект құралдары бірнеше заңды істер жасап, сот процестерін модельдеп, дәлелдеу дағдыларын жаттықтыруға арналған интерактивті сценарийлер құра алады. Мысалы: мұғалім ЖИ-ды қолданып мынадай жағдаят әзірлейді: «Екі дос арасындағы дауды мәселесін құрыңыз: олардың бірі екіншісіне қолхатсыз ақша берген. Сотқа қандай дәлелдер ұсынылуы мүмкін?» Білім алушылар аталған жағдайды талдап, заңдық шешім ұсынады.

Түсіндіру жұмысы. Заң тек заң мәтіні ғана емес, сонымен бірге оны түсіндіруден де тұрады. Жасанды интеллект білім алушылардың бір заңдық мәселеге қатысты әртүрлі көзқарастарды салыстыруға, сот тәжірибесін талдауға

және өздерінің ақпаратқа негізделген ұстанымдарын білдіруге бағыт береді. Мысалы: білім алушыларға тапсырма: «ЖИ-ді пайдаланып, Қазақстандағы белгілі бір қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік жасын төмендетудің жақтастары мен қарсыластарының аргументтерін тауып, салыстырыңыз».

Білім беру бағыты бойынша «Құқық негіздері» пәнін оқыту құқықтық мәдениетті қалыптастырумен және заң мен адам құқықтарына құрметпен қараумен тығыз байланысты. Жасанды интеллект оқыту процесінде білім алушылардың жеке тәжірибесі мен қызығушылықтарына сәйкес мазмұнды даралап ұсына алады. Мысалы, экологияға қызығатын білім алушы үшін ЖИ экологиялық құқыққа қатысты істерді тандап, талдап, азаматтардың таза және қолайлы орта бойынша құқықтары туралы түсінік береді.

9-11-сынып білім алушыларының психологиялық және педагогикалық сипаттамаларына сәйкес абстрактілік және логикалық ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмалар беру ұсынылады. Жоғары сынып білім алушылары күрделі ой операцияларын, талдау мен синтезді орындай алады. Мәселені бөлшектеу, логикалық тізбек құру және гипотезалар ұсынуды талап ететін жасанды интеллект құралдары осы когнитивтік ерекшелікке сәйкес келеді. Мысалы, тапсырма: «Азамат несие келісімі бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайдағы құқықтық салдардың тізбегін талдау үшін ЖИ-ді пайдаланыңыз». логикалық байланысты орната отырып, әрекеттер тізбегін қарастырады: міндеттемені орындамау → талап → сот ісі → сот шешімі → атқарушылар жұмысы.

Өзін-өзі дамыту мен автономияға деген қажеттілік. Жасанды интеллект құралдары білім алушыларға өздерінің оқу және зерттеу әрекетін ұйымдастыруға, тақырыпты зерттеу бағытын таңдауға және мұғалімнің тікелей қатысуынсыз жылдам кері байланыс алуға мүмкіндік береді, бұл мотивация мен жауапкершілікті арттырады. Мысалы, білім алушы жеке жоба аясында «Қазақстандағы кибербуллингті құқықтық реттеу» тақырыбын тандайды. Жасанды интеллекттің негізделген іздеу жүйесін (Perplexity) пайдалану арқылы ол қолданыстағы заңнамалар, жаңалықтар және құқық қолдану тәжірибесі жөніндегі материалдарды жедел іріктейді, ал мәтіндік ЖИ құралдарын зерттеу жоспарын құрылымдау үшін қолданады.

Ақпаратқа сыни көзқарас. Жасанды интеллектімен жұмыс істеу сыни ойлауды дамытудың қуатты құралына айналады: алгоритм шығарған қорытындыларды тексеру, қайта тексеру және талдау қажеттілігі ақпаратты сыни ойлаусыз қабылдауға қарсы иммунитетті қалыптастырады. Мысалы, мұғалім: «ЖИ-ден «қажетті қорғаныс» ұғымын түсіндіріп, мысал келтіруді сұрайды. Содан кейін ҚР-ның Қылмыстық кодексінің 32-бабын тауып, ЖИ-дің жауабының қаншалықты дұрыс әрі толық екенін тексер» деген тапсырма береді.

Кәсіби өзін-өзі анықтау. Кейбір білім алушылар үшін «Құқық негіздері» пәні заңгерлік мамандыққа алғашқы қадам болып табылады. Кәсіби жасанды интеллект құралдарын пайдалану оларға заманауи заңгерлік жұмыс технологияларымен танысуға мүмкіндік береді. Сонымен, құқықты оқытуда жасанды интеллектті қолдану құқықтық білімді, талдамалық дағдыларды және

цифрлық құзыреттерді кешенді түрде дамытуға әсер етеді, пәннің нормативтік, қолданбалы, интерпретациялық және тәрбиелік аспектілерін білім алушылардың жас ерекшеліктерімен үйлестіре отырып жүзеге асырады.

1-кесте. 9-11 сыныптарда «Құқық негіздері» оқу пәнін оқыту мен оқуда жасанды интеллектті қолдану мен интеграциялаудың артықшылықтары мен сын-тегеуріндері

Артықшылықтары	Мәселелер мен тәуекелдер
Даралап оқыту. Әр білім алушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес тапсырмалардың күрделілігін, оқу жылдамдығын және мазмұн форматтарын бейімдеу. Мысалы: ЖИ-тренер мүлік түрлерін анықтауға арналған қарапайым тапсырмалардан бастап, мүлікті бөлу кезіндегі дауларды шешуге арналған күрделірек тапсырмаларға дейін «Мүлік құқықтары» тақырыбы бойынша білім алушыға тапсырмаларды автоматты түрде таңдайды	Мазмұнның қате болу тәуекелі. Жасанды интеллект «галлюцинацияға» ұшырауы мүмкін, яғни сенгісіз немесе жалған ақпарат ұсынады, әсіресе заңнамаға тез өзгерістер енгізілу жағдайында. Мысалы: жасанды интеллект Неке және отбасы кодексінде жоқ бапты «ойдан шығарып», немесе айыппұл мөлшерін қате көрсетеді. Сондықтан ресми дереккөздермен міндетті түрде қайта тексеру керек.
Қайталанатын тапсырмаларды автоматтандыру. Стандартты тапсырмаларды тексеру, тест нұсқаларын әзірлеу, оқу материалдарын дайындау мұғалімнің уақытын шығармашылық және жеке жұмысқа арнауға мүмкіндік береді. Мысалы: мұғалім ЖИ (Quizlet, Kahoot) арқылы «Қазақстан Республикасының конституциялық жүйесі» тақырыбы бойынша жауап кілттері бар 10 сұрақтан тұратын тестті бірден жасау мүмкіндігіне ие болады.	Сыни ойлауды алмастыру. Білім алушылар ЖИ қорытындыларына сұрақ қоймай немесе талдамай-ақ сенуі мүмкін. Мысалы: білім алушы адам құқықтары туралы ЖИ жасаған эссені ойланбастан көшіріп алады. Сондықтан білім алушылардан тек ЖИ өнімін ұсынуды ғана емес, оны талдап, сын тұрғысынан бағалауды да талап ететін тапсырмалар беру қажет.
Интерактивтілік пен визуализация. Диалогтық жаттықтырушыларды, виртуалды симуляторларды (мысалы, сот залы), құқық тарихы бойынша интерактивті хронологиялық сызықтарды жасау. Мысалы: Classcraft немесе Mursion сияқты платформаны пайдаланып, куәгерді сұраудың симуляциясын жасау, онда білім алушы «тергеуші» ретінде ЖИ арқылы басқарылатын «виртуалды куәгерге» сұрақтар қояды.	Этикалық мәселелер: Деректердің құпиялылығы, жасалған материалдарға авторлық құқық мәселелері маңызды. Мысалы: білім алушы мысал келтіру үшін сыныптастарының жеке деректері бар құжатты қоғамдық ЖИ чатқа жүктеуі мүмкін. Қауіпті азайту шаралары цифрлық гигиена бойынша нұсқаулық және анонимді деректерді пайдалану.
Метапәндік дағдыларды дамыту. Ақпараттық сауаттылық, сыни ойлау, ЖИ қолдана отырып жобалық іс-әрекеттерде коммуникация және ынтымақтастық. Мысалы: «Заңгерлік блог құру» атты топтық жоба. Бір топ ЖИ-ді пайдаланып жоба идеяларын жасайды, екіншісі тиісті ақпаратты іздеп, тексереді, ал үшіншісі интерактивті контент (сауалнамалар, инфографика) дайындайды.	Цифрлық теңсіздік. Білім алушылар мен мұғалімдердің технологияларға және цифрлық дағдыларға қолжетімділік деңгейінің әртүрлі болуы. Мысалы: кейбір білім алушылардың үйінде қуатты жасанды интеллект модельдерімен жұмыс істеуге қажетті жылдам интернеттің болмауы. Шешім: мектептің компьютерлік сыныбында қолжетімділікті қамтамасыз ету, аз ресурс қажет ететін қосымшаларды пайдалану.

Жасанды интеллект құралдары оқу процесін дараландыруға, құқықтық жағдаяттарды модельдеуге және нормативтік құқықтық актілерді талдау негізінде практикаға бағытталған оқу әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

2. 9-11-СЫНЫПТАРДА «ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІН ОҚЫТУ МЕН ОҚУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

9-11-сыныптарда «Құқық негіздері» пәнін оқыту процесінде жасанды интеллект технологияларын қолдану оқу мазмұнын меңгертуді толықтыратын және білім алушылардың құқықтық сауаттылығын дамытуға бағытталған қосымша әдістемелік ресурс ретінде ұсынылады. ЖИ құралдарын пайдалану пәннің практикалық-бағдарлы сипатын күшейтуге және білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Оқу материалын меңгерту барысында жасанды интеллектті түсіндірмелі-талдамалық әдісті қолдау құралы ретінде қолдану ұсынылады. Мысалы, құқықтық ұғымдар мен нормаларды түсіндіру кезінде ЖИ көмегімен анықтамаларды қарапайым тілмен қайта құрастыру, ұғымдар арасындағы байланысты көрсету немесе қысқаша мазмұн дайындау ұсынылады. Бұл тәсіл күрделі құқықтық мәтіндерді қабылдауды жеңілдетеді.

Кейс-әдісті жүзеге асыруда жасанды интеллект құқықтық жағдаяттарды модельдеуге мүмкіндік беретін құрал ретінде қолданылады. Оқу тақырыптарына сәйкес өмірлік жағдаяттар құрастыру, құқықтық мәселені сипаттау және баламалы шешім жолдарын ұсыну барысында ЖИ білім алушылардың талдау және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл жағдайда кейстің дұрыстығын нақтылау және қорытынды шығару мұғалімнің әдістемелік басшылығымен жүзеге асуы тиіс.

Проблемалық оқыту әдісін қолдану кезінде ЖИ технологияларын құқықтық жағдайларға қатысты сұрақтар, болжам жасау немесе әртүрлі көзқарастарды ұсыну мақсатында пайдалануға болады. Мұндай тәсіл білім алушылардың сыни ойлауын, дәлелдеу және бағалау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Жасанды интеллектті нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеу барысында көмекші құрал ретінде қолдану ұсынылады. Атап айтқанда, заң мәтінін құрылымдау, негізгі баптарды іріктеу, ұғымдарды түсіндіру және салыстыру тапсырмаларын ұйымдастыру барысында ЖИ оқу процесін жеңілдетеді. Бұл ретте құқықтық нормалардың ресми мәтіндері негізгі дереккөз ретінде сақталады.

Саралап оқыту әдісін іске асыруда ЖИ технологиялары әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды ұсынуға, қосымша түсіндірмелер беруге және оқу қарқынына сәйкес жұмыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге жағдай жасайды.

Сонымен қатар жасанды интеллектті формативті бағалау және кері байланыс беруде қолдану ұсынылады. ЖИ көмегімен орындалған тапсырмаларға жедел түсіндірме беру, қателерді көрсету және жетілдіру жолдарын ұсыну оқыту сапасын арттыруға ықпал етеді.

Оқу процесінде ЖИ технологияларын қолдану барысында академиялық адалдықты сақтау, дербес деректердің қауіпсіздігіне назар аудару және білім

алушылардың жас ерекшеліктерін ескеру ұсынылады. Жасанды интеллект мұғалімнің кәсіби шешімін алмастырмай, оқу процесін әдістемелік тұрғыдан қолдайтын құрал ретінде қолданылуы қажет. Үлгі ретінде «Жеке құқық» бөлімі бойынша мынадай әдістемелік ұсынымдар ұсынылады:

1) *Жасанды интеллектті «құқықтық шарттарды құрастырушы» құрал ретінде қолдану:* Жасанды интеллект сатып алу-сату, жалға беру, жалдау шарттарының үлгілерін жасайды, ал білім алушылар шарттың міндетті элементтерін талдайды. (оқу мақсаттары: 9.4.4.1 құқықтық жағдаяттарды талдап еңбек шартының мазмұнын ашу; 10.3.1.2 - азаматтық құқық субъектілерін анықтау; 11.3.1.3 - мұрагерлік құқықтың құқықтық реттелу ұғымы мен нысанын түсіндіру; 11.3.1.2 - келісімшарттың негізгі шарттарын нақты мысалдар арқылы түсіндіру).

2) *Модельденген құқықтық дауларды қолдану.* Жасанды интеллект тұтынушы, отбасы немесе еңбек дауларына қатысты құқықтық жағдаяттарды модельдейді, ал білім алушылар оларды қолданыстағы заңнама негізінде шешуі тиіс. (оқу мақсаттары: 9.3.3.1 азаматтық құқықтағы міндеттемелерді талдап, жауапкершіліктерін анықтау; 9.4.3.2 құқықтық нормативтік актілерге сүйеніп еңбек дауларын шешу жолдарын ұсыну; 9.5.3.1 отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау; 10.3.1.6 - мысалдар келтіре отырып, меншік құқығы ұғымы және оның негізгі өкілеттілігін түсіндіру; 11.3.5.3 - жеке және ұжымдық еңбек дауларын қарастыру механизмдерін құқықтық жағдаяттар мысалында анықтау).

3) *Тұрмыстық сипаттағы құқықтық жағдаяттарды талдау әдісі.* Оқу процесінде білім алушылардың құқықтық нормаларды өмірлік жағдайлармен байланыстыра отырып меңгеруін қамтамасыз ету мақсатында мұғалімге жасанды интеллект технологияларын тұрмыстық сипаттағы құқықтық жағдаяттарды құрастыру үшін қолдану ұсынылады. Атап айтқанда, жасанды интеллект көмегімен білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай келетін, күнделікті өмірде жиі кездесетін жағдайлар (тұрмыстық техниканы сатып алу, ұялы телефонды жөндеу, еңбек шарты жасалмай атқарылған уақытша жұмыс түрлері) модельденуі мүмкін.

Ұсынылған жағдаяттарды талдау барысында білім алушылар құқықтық мәселелерді айқындайды, қолданылуы тиіс құқық нормаларын анықтайды және заңнама талаптарына сүйене отырып шешу жолдарын ұсынады. Бұл әдіс құқықтық білімді практикалық тұрғыдан қолдану дағдыларын, сыни және талдамалық ойлауды дамытуға әсер етеді. (оқу мақсаттары: 9.3.2.1 меншік түрлерін анықтау; 9.4.2.1 Қазақстан Республикасының еңбек кодексі баптарының негізінде еңбек жағдайларын анықтау; 9.4.2.2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді; 9.5.2.1 некені қию және тоқтатылу шарттарын анықтау; 9.5.3.2 құқықтық актілерге сүйене отырып, қоғам мен отбасындағы балалар құқығын талдау; 10.3.1.4 - нақты мысал негізінде жеке мүліктік емес құқықтардың ерекшеліктерін анықтау; 11.3.1.2 - келісімшарттың негізгі шарттарын нақты мысалдар арқылы түсіндіру).

4) *Мәмілелер мен құқықтарды жіктеу әдісі.* Азаматтық құқықты оқыту барысында мәмілелердің және құқықтардың түрлерін жүйелі түрде меңгерту үшін жасанды интеллект технологияларын жіктеу және құрылымдау құралы ретінде қолдану ұсынылады. Жасанды интеллект көмегімен азаматтық-құқықтық мәмілелердің жарамсыз мәмілелер санатына жататын түрлері, атап айтқанда жарамсыз деп танылатын және даулы мәмілелер, сондай-ақ субъективтік құқықтардың мүліктік және жеке мүліктік емес түрлері логикалық байланысқа негізделе отырып топтастырылуы мүмкін.

Ұсынылған жіктеу үлгілерін талдау барысында білім алушылар мәмілелер мен құқықтардың құқықтық табиғатын, оларды ажырату белгілерін және құқықтық салдарын анықтайды. Бұл әдіс құқықтық ұғымдарды дәл қолдану, салыстыру және құқықтық ойлауды дамытуға бағытталған. (Оқу мақсаттары: 9.3.2.2 меншік құқығына ие болудың және тоқтатылудың жолдарын, құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы анықтау; 10.3.1.5 - құқықтық жағдаят мысалында мәміле ұғымы және оның түрлерін түсіндіру; 11.3.1.1 - келісімшарттың ерекше белгілерін айқындай отырып мазмұнын түсіндіру).

5) *Талап арыз бен өтініштерді құрастыру әдісі.* Білім алушылардың практикалық құқықтық дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқу процесінде жасанды интеллект технологияларын талап арыздар мен ресми өтініштерді құрастыруда көмекші құрал ретінде қолдану ұсынылады. Атап айтқанда, жасанды интеллект көмегімен тұтынушының дүкенге жолдайтын талабы, жұмыс берушіге арналған өтініш немесе шағым үлгілері дайындалып, білім алушы оларды қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес талдап, толықтырады және нақтылайды.

Бұл әдіс білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, ресми-стильде жазу дағдыларын дамытуға және өмірлік жағдайларда өз құқықтарын заңды жолмен қорғау қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді. (Оқу мақсаттары: 9.3.4.1-тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын ұсыну; 10.3.1.7 - құқықтық жағдаятты (казусты) талдай отырып, меншік құқығын қорғау жолдарын түсіндіру); 10.3.2.2 - заң терминдерін пайдалана отырып, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын нақты жағдаяттық мысалдармен (казустармен) түсіндіру; 11.3.2.1 - Қазақстан Республикасы тұтынушылар құқығы туралы заңына сәйкес құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау.

6) *Құқықтық қорытындылардың дұрыстығын тексеру әдісі.* Оқу процесінде білім алушылардың құқықтық пайымдау дағдыларын жетілдіру мақсатында жасанды интеллект технологияларын құқықтық есептер мен жағдаяттар бойынша жасалған қорытындылардың дұрыстығын талдауға арналған көмекші құрал ретінде қолдану ұсынылады. Бұл ретте білім алушы өз шешімін жасанды интеллекттігіе ұсынады, ал жасанды интеллект жіберілген қателерді түсіндіруге, құқықтық логиканы нақтылауға және мәселені шешудің баламалы немесе түзетілген жолдарын ұсынуға көмектеседі.

Аталған әдіс білім алушылардың өзіндік рефлексиясын дамытуға, құқықтық ойлау логикасын қалыптастыруға және заң нормаларын дәл әрі негізді қолдану дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

(Оқу мақсаттары: 9.3.1.1 азаматтық құқық ұғымы мен қағидаларын түсіндіру; 9.4.1.1 1 еңбек құқығы ұғымын түсіндіру; 9.4.3.1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқықтық нормаларды талдау; 9.5.1.1 неке және отбасы ұғымдарын түсіндіру; 10.3.2.1 - Қазақстан Республикасы тұтынушылар құқығы туралы заңына сәйкес құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтау; 11.3.5.1 - еңбек құқығын қамтамасыз ету тәсілдерінің тиімділігін құқықтық жағдаяттар мысалында бағалау. «Жеке құқық» бөлімі бойынша оқу мақсатын жүзеге асыруға арналған тапсырма түрлері мен тапсырма мазмұны 2-кестеде берілген:

2-кесте. Жеке құқық» бөлімі бойынша тапсырма түрлері мен мазмұны

Тапсырма түрлері	Тапсырма мазмұны
Талдамалық тапсырмалар	<i>Мәміленің міндетті шарттары</i> Жасанды интеллект үш түрлі шарт үлгісін ұсынады: – талаптарға толық сәйкес жасалған шарт; – міндетті шарттардың бірі көрсетілмеген шарт; – заң талаптарын бұзатын шарт. <i>ЖИ-ге ұсынылатын prompt:</i> «Сатып алу-сату шартының үш үлгісін құрастыр: 1. заң талаптарына толық сәйкес; 2. міндетті шарттарының бірі жоқ; 3. заңға қайшы шарт. Мәтіндер 9-сынып білім алушысына түсінікті болсын.»* <i>Білім алушының әрекеті:</i> – шарттардағы кемшіліктерді анықтайды; – қандай міндетті шарттардың сақталмағанын түсіндіреді; – әр жағдайда туындайтын құқықтық салдарды сипаттайды. Күтілетін нәтиже: Білім алушы мәміленің міндетті шарттарын ажырата алады және олардың құқықтық маңызын түсінеді
Жағдаяттық тапсырма	<i>Тұтынушылық дауды шешу кейсі</i> Жасанды интеллект кейс әзірлейді: сапасыз техника сатып алу, дүкеннің оны қайтарудан бас тартуы. <i>Білім алушының әрекеті:</i> – «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңның нормаларын анықтайды; – Әрекеттер алгоритмін құрайды; – Шағым (претензия) дайындайды.
Шығармашылық тапсырма	<i>Заңды жарнама</i> Білім алушы «Жасөспірім онлайн режимінде заттарды заңды түрде қалай сауатты сата алады?» тақырыбында жарнама материалын әзірлейді Жасанды интеллект идеялармен көмектеседі.

Зерттеу тапсырмасы:	<i>Кәметке толмаған жұмысшының мәртебесі</i> Жасанды интеллект Еңбек кодексінен үзінділер ұсынады. Білім алушы: – шектеулер; – жеңілдіктер; – міндетті шарттар; – жасына байланысты рұқсат етілген жұмыстардың түрлерін талдайды
Нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс:	<i>Азаматтық кодекстің баптарын талдау</i> Білім алушы Азаматтық кодекстің кез келген бабын таңдап, төмендегілерді орындайды: – мазмұнын талдайды; – оның қолданылуына мысал келтіреді; – жасанды интеллектпен мини-кейс құрады.
Практикаға бағытталған тапсырмалар:	<i>Отбасылық-құқықтық алгоритм құру</i> Жасанды интеллект 3 отбасылық жағдай ұсынады: мүлікті бөлу, алимент төлеу, мектеп таңдау. Білім алушы алгоритм жасайды: – баланың құқықтары; – ата-ананың құзыреті; – дауды шешу жолдары.

Сабаққа дайындық кезінде оқу процесін жоспарлау, материалдарды дайындау және бағалауды тиімді жүзеге асыруға көмектесетін жасанды интеллект негізіндегі түрлі құралдарды қолдану ұсынылады. Мысалы: Quillionz – берілген мәтін немесе материал негізінде тесттер мен викториналарға арналған сұрақтарды әзірлеуге көмектесетін ЖИ-құрал. Материалды немесе тақырыпты жүктеу керек, ал құрал түрлі типтегі сұрақтарды – көп таңдаулы, ашық сұрақтардан бастап – генерациялайды. Бұл тапсырмаларды дайындауға кететін уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Веб-сайт: quillionz.com. Scribe AI – оқу материалдарын, нұсқаулықтарды және әдістемелік құралдарды автоматты түрде жасауға арналған құрал. Қажетті оқу материалын сипаттайсыз (мысалы, белгілі бір тақырып бойынша материал), ал жүйе сабақ үшін негіз ретінде қолдануға болатын мәтінді ұсынады. Веб-сайт: scribeshow.com. Otter.ai – сөйлеуді автоматты түрде мәтінге айналдыратын транскрипттер мен жазбалар жасауға арналған құрал. Бұл лекциялар, талқылаулар немесе семинарларды жазып, кейін оларды оқу материалдарына айналдыру үшін пайдалы. Веб-сайт: otter.ai

Ұсынылған білім беру платформалары «Құқық негіздері» пәнін оқытудың сапасын арттыруға және сабаққа дайындықты жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Жұмыстың тиімділігі және оқу сабақтарына дайындық сапасын арттыру үшін келесі білім беру ресурстары мен платформаларын қолдану ұсынылады.

Сонымен қатар, ақпаратты іздеу және зерделенетін құқық нормаларының өзектілігін тексеру үшін мынадай ақпараттық жүйелерді қолдану ұсынылады:

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының декларациялары, конвенциялары және басқа да нормативтік құжаттар https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/index.shtml;

2. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты, «құқықтық актілер» бөлімінде Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары және Мемлекет басшысының өзге де ресми құжаттары мен сөйлеген сөздері берілген <https://www.akorda.kz/ru>;

3. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, ҚР Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК. Бұл ақпараттық-құқықтық жүйе үш тілде 413000-нан астам құжаттарды қамтиды, олар НҚА заңды күшіне енгеннен кейін автоматты түрде жаңартылады. Жүйе нақты құрылымға ие және бөлімдер бойынша мұғалімдерге кеңейтілген іздеу жүргізуге ыңғайлы <https://adilet.zan.kz/rus>.

4. «Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі» ақпараттық жүйесі, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі. Бұл ақпараттық жүйеде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған 189000-нан астам электрондық-цифрлық нысандағы құжаттар бар, олар туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген <https://law.gov.kz/client/>.

5. «Параграф» ақпараттық жүйесі, «заңгер» бөлімі. Бұл ақпараттық жүйеде 2 миллионнан астам құжат бар, оның ішінде: сот базасы және өзекті мәселелер бойынша Мемлекеттік органдардың жауаптары. Жүйеде ыңғайлы кеңейтілген іздеу бар, қолданыстағы заңнамадағы барлық өзгерістер туралы ақпарат береді <https://online.zakon.kz/lawyer>.

Интерактивті презентациялар мен инфографика жасау үшін келесі платформаларды пайдалану ұсынылады:

– Prezi-бірегей масштабтау және ауысу әсерлері бар динамикалық және интерактивті презентациялар жасауға мүмкіндік беретін платформа. Пайдаланушылар презентацияның әртүрлі бөлімдері арасында еркін ауысып, сызықтық емес құрылымды қалыптастырады, соның нәтижесінде презентация динамикалық сипат алады. Веб-сайт: prezi.com

– Canva-көптеген шаблондар мен дизайнермен статикалық және интерактивті презентацияларды оңай жасауға мүмкіндік беретін онлайн құрал. Интерактивтілікті арттыру үшін анимация элементтерін, бейнелерді және басқа мультимедиялық элементтерді пайдалану үшін тиімді. Веб-сайт: canva.com. мұнда мысалдар келтіруге болады.

– Mentimeter – бұл сауалнамалар, нақты уақыттағы аудиториямен өзара әрекеттесудің басқа түрлерін қамтитын презентация жасау платформасы. Бұл тыңдаушыларды белсенді түрде тартуға және интерактивті мазмұн жасауға арналған құрал. Веб-сайт: mentimeter.com

– Google Slides аудиториядан деректерді жинау үшін гиперсілтемелер, бейнелер, сауалнамалар және Google пішіндері сияқты әртүрлі интерактивті

элементтермен біріктіру мүмкіндігі бар презентациялар жасау үшін қолданылады. Веб-сайт: slides.google.com

– Genially-интерактивті презентациялар, инфографика, викториналар және мультимедиялық мазмұнның басқа түрлерін жасауға арналған платформа. Genially керемет және тартымды презентациялар жасау үшін әртүрлі анимацияларды, ауысуларды және элементтерді пайдалануға мүмкіндік береді. Веб-сайт: genial.ly

– Piktochart- инфографика, есептер мен презентациялар жасауға арналған арнайы платформа. Ол көрнекі және ақпараттық инфографика жасауға арналған көптеген шаблондар мен құралдарды ұсынады. Диаграммалар мен графиктермен жұмыс істеуге арналған мүмкіндіктер де бар. Веб-сайт: piktochart.com

– Venngage- инфографика, презентациялар және есептер жасауға арналған платформа. Ол графикамен, мәтінмен және диаграммалармен жұмыс істеуге арналған көптеген шаблондар мен құралдарды ұсынады. Venngage-де интерактивті элементтерді қосу мүмкіндігі бар. Веб-сайт: venngage.com

Сабаққа дайындалу үшін жасанды интеллекттің негізделген әртүрлі құралдарды қолдануға болады:

– Quillionz – берілген мәтіндер мен оқу материалдары негізінде тесттер мен викториналарға арналған сұрақтарды жасанды интеллект көмегімен автоматты түрде құрастыратын құрал. Пайдаланушы материалды немесе тақырыпты жүктегеннен кейін платформа бірнеше таңдауы бар және ашық типтегі сұрақтарды ұсынады. Бұл құрал тапсырмаларды дайындауға кететін уақытты едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Веб-сайт: quillionz.com

– Scribe AI – оқу материалдарын, нұсқаулықтарды және оқу құралдарын автоматты түрде жасауға көмектесетін құрал. Сіз не жасағыңыз келетінін сипаттай аласыз (мысалы, қандай да бір тақырып бойынша материал) және жүйе сабақ үшін негіз ретінде пайдалануға болатын мәтінді ұсынады. Веб-сайт: scribehow.com

– Otter.ai – бұл сөйлеуді мәтінге автоматты түрде түрлендіру үшін ЖИ қолданатын транскрипт және жазба құралы. Бұл дәрістерді, талқылауларды немесе семинарларды жазу және кейінірек білім беру мақсатында пайдалану үшін оларды мәтіндік материалдарға айналдыру арқылы сабаққа дайындалу үшін пайдалы болуы мүмкін. Веб-сайт: otter.ai

Ұсынылған білім беру платформалары «Құқық негіздері» пәнін оқыту сапасын едәуір арттыруға және оқу сабақтарына дайындық процесін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда мұғалім жасанды интеллект пен білім алушы арасындағы *медиатор* рөлін атқарып, оқу мазмұнының дұрыстығы мен педагогикалық мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Жасанды интеллекттің тиімді қолдану үшін мұғалім мынадай негізгі құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс.

Технологиялық құзыреттілік. Мұғалім дұрыс *prompt* (сұрау) құрастыра білуі, жасанды интеллектті оқу материалдарын дайындау, тексеру, мазмұнды бейімдеу және білім алушылардың типтік қателіктерін талдау мақсатында

қолдануы қажет. Сонымен қатар әртүрлі ЖИ құралдарының функцияларын ажырата білу маңызды.

Құқықтық құзыреттілік. Мұғалім жасанды интеллект ұсынған ақпаратты қолданыстағы заңнама нормаларымен салыстырып, құқықтық терминологиядағы ықтимал қателіктерді анықтай алуы және білім алушыларға жасанды интеллекттің құқықтың қайнар көзі болып табылмайтынын түсіндіруі тиіс. Жасанды интеллекттің нормативтік-құқықтық базаны алмастыруына жол бермеуіне ерекше назар аударылады. Білім алушылар барлық сілтемелер мен қорытындыларды нақты нормативтік-құқықтық актілер негізінде тексеруі қажет.

Этикалық және цифрлық құзыреттілік. Мұғалім жасанды интеллектімен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастырып, білім алушылардың жеке деректерді ЖИ жүйелеріне енгізбеуін бақылауы, сондай-ақ жасанды интеллект қателіктері мен алгоритмдік бұрмалаушылықтың болуы мүмкін екенін түсіндіруі тиіс.

Әдістемелік құзыреттілік. Мұғалім сабақтың әдістемелік құрылымы сақталатындай етіп жасанды интеллекттіні оқу процесіне кіріктіре білуі қажет. Бұл ретте белсенді оқыту тәсілі қолдау табады: жасанды интеллект сабақтың негізгі нысаны емес, оқу мақсаттарына жетуге арналған құрал ретінде қарастырылады. ЖИ мұғалімді алмастырмай, қосымша ақпарат көзі ретінде қолданылатын оқу жағдаяттары ұйымдастырылады.

Бақылау-бағалау құзыреттілігі. Мұғалім жасанды интеллектіні типтік қателіктерді талдау, ЖИ көмегімен орындалған тапсырмаларды тексеру және жасанды интеллект арқылы толық орындалмайтын, білім алушының дербес ойлауын талап ететін тапсырмаларды құрастыру мақсатында қолдана білуі тиіс.

Prompt құрастыру дағдылары. Мұғалім сұраулардың негізгі түрлерін меңгеруі қажет:

- *генеративті* (жағдаяттар, тесттер, схемалар құру);
- *аналитикалық* (құқықтық нормаларды жіктеу, ұғымдарды салыстыру);
- *түзету* (білім алушылар жауаптарындағы қателіктерді анықтау);
- *әдістемелік* (сабақ жоспарлары, презентациялар, жұмыс парақтарын әзірлеу).

Осы құзыреттіліктерді жүйелі түрде қалыптастыру «Құқық негіздері» пәнін оқытуда жасанды интеллект технологияларын педагогикалық тұрғыдан орынды, қауіпсіз және тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі білім беру жүйесінде жасанды интеллект технологияларын негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінде оқытылатын «Құқық негіздері» пәнін оқытуда қолдану оқу процесін тиімді және заманауи деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Әдістемелік ұсынымда жасанды интеллект құралдары білім алушылардың құқықтық ақпаратты талдау, нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс істеу, құқықтық жағдаяттарды модельдеу және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған оқу тапсырмаларын құруда көмекші ресурс ретінде қолдану жолдары көрсетілген.

Сонымен қатар, оқу процесінде жасанды интеллект құралдарын қолданудың негізгі ұстанымдары ретінде педагогикалық мақсатқа сәйкестік, құқықтық ақпараттың дұрыстығы, этикалық және құқықтық нормаларды сақтау, білім алушының дербес ойлауын дамыту, сыни пайымдау дағдыларын қалыптастыру және цифрлық сауаттылықты дамыту оқу тапсырмаларын әзірлеудің басты бағыттары ретінде айқындалған.

Құқықтық білім беруде дәстүрлі педагогикалық әдістер мен заманауи цифрлық құралдарды үйлестіре қолдану білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, құқықтық қоғамға қатысуға жауапкершілікпен дайын болуына ықпал етеді. Сондықтан әдістемелік ұсынымдарда жасанды интеллект дәуіріндегі пән мұғалімінің білім алушыларды нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеуге, деректерді саралау мен негізделген құқықтық ұстанымдарын қалыптастырушы тұлға ретіндегі ролі көрсетілген.

Педагогтерге оқу бағдарламаларының талаптарын орындауды қамтамасыз ете отырып, өздерінің кәсіби тәжірибелерінде жасанды интеллект құралдарын сенімді, қауіпсіз және тиімді пайдаланудың мүмкіндіктері мен негізгі қағидаттары туралы әдістемелік ұсынымдар берілген.

Сонымен «Құқық негіздері» оқу пәнін оқытуда жасанды интеллект құралдарын этикалық және құқықтық нормаларды сақтай отырып оқу процесінде тиімді қолдану оқу тиімділігін арттыруға, практикалық бағыттағы сабақтарды ұйымдастыруда, сондай-ақ әр деңгейге бейімделген, қолжетімді оқу материалдарын құруға мүмкіндік береді.

9–11-сыныптарда «Құқық негіздері» пәнін оқыту процесінде жасанды интеллект технологияларын қолдану оқу мазмұнын меңгертуді толықтыратын қосымша әдістемелік ресурс ретінде ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымда жасанды интеллект технологияларын білім беру процесіне жауапты, қауіпсіз және педагогикалық тұрғыдан тиімді енгізудің негізгі бағыттары жүйеленіп берілген.

Жасанды интеллект құралдарын пайдалану пәннің практикалық-бағдарлы сипатын күшейтуге, білім алушылардың құқықтық сауаттылығын, танымдық белсенділігін және сыни ойлау дағдыларын дамытуға арналған оқу тапсырмаларын бейімдеуде білім беруді цифрлық трансформациялау және модернизациялау жағдайында маңызды болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1.«Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592>;

2.«Жасанды интеллект туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000230>;

3.«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>;

4.Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған» Құқық негіздері «оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 63-қосымша;

5.Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 121-қосымша;

6. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 122-қосымша.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе		3
1	«Құқық негіздері» оқу пәнін оқуда және оқытуда жасанды интеллектіні қолданудың ерекшеліктері	4
2	«Құқық негіздері» оқу пәнін оқуда және оқытуда жасанды интеллектіні қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар	10
Қорытынды		18
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі		19